

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет, ақпарат жөнне  
көғамдық кеңесім  
министрлігінде 2002 жылы  
3-мамырда түркеліп,  
№2904-Ж күзілк берілген

## ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

Ай сайын шығатын  
республикалық ғылыми-  
әдістемелік жүргізу

Меншік иесі – “Қазақ тарихы” ЖШС

№8 (155),

ҚАЗАН

2017 жыл

1993 жылдың шілде  
айынан бастап шығады

БАС РЕДАКТОР –  
Әбділдабек САЛЫҚБАЙ

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР –  
Нұргұл ҚАСЫМҚЫЗЫ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Б.Алғаш, Х.Әбжанов, Т.Омарбеков, Ә.Мұқтар – т.ғ.д., проф.;  
Д.Сәтбай, С.Сымагулова, Ұ.Ысемғұлов – т.ғ.д. доц.; Н.Әлімбай,  
А.Жұмаділ, Ж.Әшірбекова, Д.Салқынбек, К.Күнелина –  
т.ғ.к., доц.; С.Дүйсен – п.ғ.к.

\*\*\*

С.Әбшікізы – түнгіш  
бас редактор. Б.Матекова –  
уста-әдіскер. Д.Игенбаева,  
Г.Серікбаева, С.Ишебаева,  
Ш.Ташимбетова – озат уст-  
маздар.

Басылған 18.10.2017 ж. жіберілді.

Пішімі 84 x 108 ¼

Шартты б.т. – 4. Оғестті  
басылым. Бағасы кеңілді.

Таралымы – 1650.

Индексі – 75748.

Тапсырысы –

Редакцияда беттеліп-кетталып,  
“Дала-принт” басылды.  
Ереван көшесі, 2-үй.

Ғылыми-төрөккөлк макала – авторлары, орысша,  
ағылышша түйін жөнне мәдениеттік тарихы докторлардан жақында пікір қызында  
міндетті. Макалалардың ғылыми нақтылығына, тілдің жауыттылығына, айттылған автор жауапты.

Ал ғылудар жүргізілгенде 1  
жылға толық жағынан ту-  
біртегінің көшірмешісі салуы  
қажет. Авторлардың балла-  
т-түзжырымдары – редакция  
көзқарасымен сәккестеп де  
жүзін. Қошіріл басылса не  
пайдаланылса, сілтеме жаса-  
луы тиис.

## МАЗМУНЫ

Ғылыми зерттеулер мен танымдық мақалалар

Талас Омарбеков, Едігенің Мәскеуге жорығы.....	2
Айнагул Сагынаева, Нұрлан Байғараев.	
Қыпшақтардың батысқа көшүші.....	4
Нұрсан Әлімбай. Ресейдегі қазақ этнографиясының құндылықтары: жинақталу географиясы, құрамы, қалыптастар тарихы.....	6
Ақнұр Қошымова. Этникалық үдерістерді зерттеу.....	12
Дастан Сәтбай. Сейдолла Оспанов: азamat жөне дөүір.....	14
Тұрдықұл Шаңбай. Алаш философиясының үш анығы.....	17
Ләйлә Қенжебаева. Витраж өнерінен шеберлік сағат өтті.....	19
Нұрсұлу Дүйсенова, Сәуле Жолдыбаева, Сымбат Илгизаде.	
Ресейде оқыған алғашқы қазақ дәрігерлері.....	21
Ләззат Рымбетова, Жанар Молдахметова, Айжан Талман. "Шуро-и-исламия" және "Шуро-и-улема" саяси үйімдарының қызметі.....	24
Динара Хамидуллина. Қазақстанға жер аударылған нәмістер.....	27
Қайрат Қарамаңдаев. Майдангер дәрігердің өмірі мен ерлігі.....	30
Жұмазия Жұмабаева.	
Посткеңестік ресми танылмаған мемлекеттер.....	33
Айнур Габдуллина. Проблемы аграрного сектора.....	36
<b>Оқыту. Әдістеме. Тәжірибе.</b>	
Айжан Тұяқова. Бөсекеге қабілетті мамандар дайындау.....	39
Әлия Байсақалова. Алтын күімді адам.....	42
Гүлайым Сармалаева. Қазақстанның сөүлет өнері.....	43
Гүлшат Мұрат. Шілікті жөне бесшатыр патша қорғандары.....	44
Қайыржан Арыстанов. Кенесары бастаған үлт-азаттық көтеріліс....	45
Эльмира Қенесбаева.	
Қазақстандағы индустріяландыру (1920-1930 жж.).....	46
Зиба Жұмашева. Сүлттанбек Қожанов туралы тың деректер.....	47

# РЕСЕЙДЕГІ ҚАЗАҚ ЭТНОГРАФИЯСЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ:

## жинақталау географиясы, құрамы, қалыптасу тарихы

Нұрсан ӘЛІМБАЙ,  
этнолог

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі (әрі қарай – ҚР МОМ) Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңына сәйкес 2005 жылдан ғылыми-зерттеу мекемесі статусын ресми иемденгеннен бастап отандық этнология, тарих, археология, деректану мәселелері бойынша ондаган ғылыми-қолданбалы жобаларды жүзеге асыры келеді [1-8; 43].

Ағымдағы атқарылып жатқан жобалардың ішіндегі ең маңыздысы ретінде «Ресей Ғылым академиясы Ұлы Петр атындағы антропология және этнография музейі (Кунсткамера) қорындағы қазақ этнографиясына байланысты коллекция» және «Ресей этнографиялық музейі» (РЭМ) қорындағы қазақтық дәстүрлі мәдениетіне қатысты құндылықтар» атты екі тақырыпты ерекше екшеп айтуға болады.

Өйткені, осы әйгілі екі музейдегі атапмашы құндылықтар қазақтың дәстүрлі мәдениеті мен тарихының бірегей ескерткіштері ретінде де, әрі отандық этнология (және тарих, мәдениеттану, музейтану, ескерткіштану, деректану) үшін де ғылыми-танымдық маңызы өлеуешсіз артефактлердің қатарына жетады. Осы ретте ерекше екшеп айтар жайт – бұлардың бірер зерттеушінің «көз қырына» іліккен бірен-сарапандыған қарағартырылған жүр [18, 45-62; 24, 86-93; 26, 56-61; 27, 85-97; 32, 5-17; 33, 69-76; 36 және т.б.]. Оның үстінен ол зерттеушілер тек Кунсткамерадағы артефактлерге ғана назар аударғандырағынаның дағылдырылады. Яғни, РЭМ қорындағы қазақ коллекциясы шолу деңгейінде ғана атапланы болмаса, соңында уақытта дейін мұлдың зерттелмелі десе де болады [19, 24]. Демек, жоғарыда атапланған ғылыми-қолданбалы жобаны атқаруға кіріскең Орталық музей қызметкерлерін РЭМ қорындағы қазақтың тарихи этнографиясының сан алуан артефактлерінің тұнғыш зерттеушілері десек артық айтқандық емес. Тіні, қазірдің өзінде Орталық музей зерттеушілерінің ғылыми ізденістері өзінің қомақта нәтихесін беріп отыр. Соның ішінде, мысал ретінде Б.Қақабаевтың атапмашы музей қорындағы қырғызлардың қауырсыны толық сақтаған кеуде тұсы терілерінен тегіс астарланған жетісулық қазақ әйелінің (қазіргі Алматы облысы, Райымбек (Бұрынғы Кеген) ауданы) жібек шапаны жөніндегі мазмұнды мақаласын атауга болады [46].

Алайда, РЭМ-ге қарағанда, Кунсткамерадағы қазақ этнографиясына қатысты музейлік бүйімдер біршама зерттелді [12; 14; 18; 26; 27; 30; 32; 33; 34; 36; 37; 39]. Бұл жайтын соңынан кезеңге дейін атапмашы музейдің Ресей Ғылым академиясының іргелі ғылыми-зерттеу институты ретінде функция атқарғандығымен түсіндірғен ләзім (бул тұста соңынан кезеңде дейін деуімдін себебі, 2014 жылдан бастап Кунсткамера Ресей Медениет министрлігінің құзырына етті). Бұлға осынау әйгілі музейдің ғылыми әлеуетін ежелтейір алс操еріт жіберген сынайлай).

Енді қазақтың тарихи этнографиясына, дәстүрлі мәдениетіне һәм ішінша тарихына қатысты құндылықтардың үлкен шоғыры сақталып отырған РЭМ жөнінде бірер сез. Санкт-Петербург қаласындағы атақты Оrys музейінің («Русский музей») құра-

мындағы 1902 жылы құрылған этнография белімі РЭМ-нің үйімдік негізі болып табылады. Ресей музейлерінің тарихына байланысты зерттеупerde атапмашы музейдің негізі 1902 жылдан бастау алады делинетіндігі сондықтан [43]. Дегенмен, музей және мекеме ретінде тек 1934 жылдан бастап «Мемлекеттік этнографиялық музей» деген атаумен жұмыс істей бастады. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін 1948 жылы бол музейдің қорына Мәскеудегі СССР халықтарының музейінің қоры қосылғаннан кейін оған енді осы мәскеулік музейдің атауы берілді.

1986 жылы музейдің I категориялық ғылыми-зерттеу мекемесі мартебесін ресми алуы оның ғылыми әлеуетін күштейтуге үлкен серпін берді. 1991 жылы РЭМ Ресей халықтары мұрасының ерекше құнды объектелерінің Мемлекеттік жинақнана атап атаудын 1992 жылы алды [43].

Аса ірі мәдени жеңіл белім мекемесі, әрі әлеуетті ғылыми-зерттеу институты ретінде алемдегі ең көрнекі музейлердің қатарындағы РЭМ-нің үйімдік құрамында басқа құрылымдармен көтөрілген, Орта Азия және Қазақстан деп атапталып белім жұмыс істейді.

Қазақ коллекцияларының жинақталау географиясы. Атапмашы белімнің барлық қызметкері Л.Ф.Попованың мемліметтімән қазақ коллекцияларының құрамындағы ким, киіз үй, сан алуан шаруашылық, туризмстық, ғұрыптық бүйімдердің аймақтық-типологиялық ерекшеліктері олардың жинақталау ареалы қазақ жерінің барлық өнерлерін қамтитынның көрсетеді [48]. Дегенмен, Л.Ф.Попованың дәйекті пікіріне сүйенсек, коллекциялар құрамындағы бүйімдердің паспортталу деңгейі әлі де төмөн. Бул кемшиң жайт атапмашы коллекциялардың географиясында, биографиясын да (яғни, қайдан, кімнен және қай уақытта музейге түскен туралы мәлімет) музейтану саласындағы соңы методологиялық талғамға сәйкес анық-қанықына жеткізе айқындауга һәм айғаттауга мүмкіндік бермейді. Дегенмен, РЭМ қорында Ресеймен шекаралас Солтустік және Шығыс Қазақстан аймақтары қазақтарына байланысты этнографиялық көрнекі материалдардың салыстырмалы түрде толық жинақталды деп айтуға болады, дейді Л.Ф.Попова. Бұл құндылықтар музей қорындағы 878, 1037, 1062, 1560-нөмірлермен белгіленген коллекцияларды құрайды [49].

Сондай-ақ, өзінің этнографиялық ауқымдылығымен ерекшеленетін Батыс Қазақстан еңірі қазатарының этникалық мәдениетіне қатысты сан алауда бұйымдардан тұратын 5525-нөмірлі коллекция оны (жөн басқа коллекциялары да) жасақтауга айрықша еңбек сіцирген А.П.Булгаковтың атымен аталағы [49].

Қазақтың дәстүрлі мәдениетін өзіндік аймакты ерекшеліктерімен бейнелейтін РЭМ-дегі коллекциялардың бірегей, сез жок, Орталық Азия халықтарының, соның ішінде, қазақтардың этнографиясын зерттеп-зerdeлген өзігілі галым, ері фотосуретші С.М.Дудиннің Өңтүстік Қазақстан еңірінен 1901-1902 жылдары жинақтаған материалдар кешени болып табылады. Сондай-ақ, музей қорында атаптың өңір қазақтарының дәстүрлі тіршілігін әр қырынан көрсететін К.П.Кауфманнның (1902) жөне 1934, 1938 жылдары атаптың музей қызметкері Е.Т.Воеvodская жинақтаған коллекциялар бар. Осы ретте ескерер жайт – РЭМ-нің көреюне айырықша улес қосқан музейнанушы-галымдар М.В.Сазонова, А.С.Морозова жөне С.М.Лейкина-ның мәліметіне қарағанда, К.П.Кауфманнның үйимдастыруымен жинақтаған әзбектер мен қазақтардың этнографиясын қатысты бұл артефактілер өзөлі 1860-шы және 1870-ші жылдары, сөл кейінірек – 1872 жылы Мәскеу қаласында үйімдастырылған этнографиялық көрмелерге қорытула арналған екен. Өткіншіке орай, осы галымдардың айтуыша К.П.Кауфманнның РЭМ-ге түккен осы коллекцияның құрамындағы бұйымдар дер кезінде күжатталған. Бұл олқылықтың орны күні бүгінге дейін толмаган сыйнасты [24, 87]. Яғни, жогарыда айтылғандай, басқа қазақ коллекциялары сияқты бұл құндылықтардың тобы да осы үақытқа дейін шындағы зерттеп-зerdeлгенен емес.

Қазақ коллекциясының құрамы. Жогарыда атапланған белімнің қорында барлығы 2725 заттан тұратын 1700 сақтам бірлік бар. Осы белімнің байыргы тылымы қызметкері Л.Ф.Попованың мәліметіне қарағанда, қазақ құндылықтарының басым кепшілігі РЭМ қызыметкерлерінің ездері өзел бастап жинаған бұйымдар болып табылады (барлығы 1193 нөмірден тұратын 1840 зат). Қалғаны – 614 нөмірге белінген 885 зат СССР халықтары музейнен қосылған құндылықтар [49].

Коллекция қоры ондағы бұйымдардың қолданыс аясы мен функциясына байланысты үйімдастырылған. Әлемдегі барлық музейлардың көрларының құрылымына тән бұл тәсіл құндылықтардың тақырыптық принцип бойынша топтауга мүмкіндік береді.

Темендегі РЭМ қорындағы қазақ коллекциясының құрылымы беріліп отыр. Оны атаптың музей қызыметкерлері коллекциялардың нысандық-тақырыптық көрсеткіші деп те атайды. Барлығы сегіз белімнен, әр белімі құндылықтардың қолданыс ерекшеліктері мен санына байланысты тиісті белімшердерден тұрады [49]:

- 1-БӘЛІМ. Негізгі және қосымша шаруашылық пен кесіп.
- I Бөлімше. Жер шаруашылығы.
- II Бөлімше. Малшылық.
- III Бөлімше. Ашының.
- 2-БӘЛІМ. Үй шарасы, қоленер және кәсіпшілік.
- IV Бөлімше. Жұн өңдеу.
- V Бөлімше. Ағаш ісі.
- VI Бөлімше. Металл өңдеу.
- VII Бөлімше. Тері өңдеу және былгары дайындау.

VIII бөлімше. Мүйіз өңдеу.

3-БӘЛІМ. Тұргын үй.

IX бөлімше. Қіз үй.

4-БӘЛІМ. Ас-тагам және ыдыс-аяқ. Темекі шегу.

X бөлімше. Ас-тагам.

XI бөлімше. Үйдыс-аяқ.

XII бөлімше. Темекі шегу.

5-БӘЛІМ. Қим және әшекей бұйымдар.

XIII бөлімше. Қим.

XIV бөлімше. Әшекей (зергерлік) бұйымдар.

6-БӘЛІМ. Қөлік және жүк тасымалдау құралдары.

XV бөлімше. Қөлік құралдары.

XVI бөлімше. Тасымалдау құралдары.

7-БӘЛІМ. Қару-жарак.

XVII бөлімше. Соғыс қару-жарагы.

XVIII бөлімше. Қорғаныс қару-жарагы.

8-БӘЛІМ. Рухани мәдениет.

XIX бөлімше. Қоғамдық тұрмыс.

XX бөлімше. Наным-сенім, дін, әдәт-ғұрып, салт-дәстүр.

XXI бөлімше. Халықтық білім.

XXII бөлімше. Халықтық педагогика.

XXIII бөлімше. Ойыншықтар мен ойнандар.

XXIV бөлімше. Халықтық музика асплатары.

XXV бөлімше. Қазіргі кезеңдегі халық әнері.

Сонымен бірге, мұндағы әрбір белімшениң құрамындағы бұйымдардың атаплары көрсетіліп, әрқасының арасы сыйықшамен белінген арнайы сандармен белгіленген. Мұндағы сыйықшамен белінген сандардың біріншісі әрбір құндылықтың жалпы музей қорындағы, екіншісі салалық коллекциядағы тиісті сандық реттерін көрсетеді. Зерттеушілер үшін тағы бір ерекше дең қояр жайт – музейлік құндылықтардың қорға тусу тарихынан толық мәдениетті алуға мүмкіндік бередің арнайы таблицалар да жасақтаған. Қажетті артефактілердің әжілі, ері тиімді зерттеп-зerdeлеуге мейлінше қолайлар үлес әдістемелі құжаттан кез келген зерттеуши ізделеген құндылықтардың коллекциялық номірлері, оларды тапсырыған адамның (адамдардың) аты-жөні және тағынан немесе алғынан жердің толық атауы, елгі бұйымның (бұйымдардың) табылған немесе музейде тапсырылған үақыты мен саны, сондай-ақ, құндылықтардың қонданыс аясы һәм функциясына негізделген тақырыптық принцип бойынша жасақтаған коллекцияның әрбір тағынде аса құнды ақпарат ала алады.

Атаплы белімнің жогарыда атапланған тәжірибелі қызыметкерлерінің бірі Л.Ф.Попованың соңы инвентарлық мәліметінше, қазақ коллекциясының құрамындағы саны жағынан ең көп жинақталғаны – кімдер мен кіз үйдің архитектоникасының элементтері жөнен әр түрлі жиназдар (соңы құндылықтардың коллекциясы музей қорындағы 1062 реттік нөмірмен белгіленген). Бул жайтын кімде мен үй-жайдың, сондай-ақ үй жиназының көшпелілердің дәстүрлі тіршіліккәмән жүйесінде айрықша шешуші функция атқарғандығымен түсіндіруге болады.

Мақала көлемінің шектеулі екендігін, ері қарастырылып отырган РЭМ-нің қазақ коллекцияларының ішінен, жогарыда айтылғандай, кімдер мен кіз үйдің архитектоникалық элементтерінің, һәм жиназдарының ең мал жинақталып, сақталғандының, ең бастысы, олардың көшпелілердің алемметтік кеңістігіндегі айрықша рөлін ескеріп, осы құндылықтардың құрамына қысқаша тоқтала кеткенде жөн көрдік. Алайда, осы ретте айта кетер бір гәп – кімдердің және олардың қосалқы түр-элементтерінің (мысалы,

әр түрлі белбеулер, белдіктер, һәм кіселер мен зергерлік әшекей бұйымдар) сандық құрамына байланысты төрт түрлі мәлімет кездеседі. Әрі олар бір-біріне сейкес емес. Егер 1961 жылы атамыш музейдің Орта Азия мен Қазақстан халықтары этнографиясы белімінің жетекші қызыметкерлері М.В.Сазонова, А.С.Морозова және С.М.Лейкина жариялаган арнайы үлкен мақалада музейдегі қазақ қімдірі 383 сақтам бірлігінен тұратындығы айтылса [24, 87], Л.Ф.Попованың Орталық музейде берген реңи жазба ақпаратында екі түрлі мәлімет келтірілген: біріншісі бойынша, РЭМ қорындағы қазақ қімдірі 370 [49], екіншісінә сәйкес, 400-ге жуық сақтам бірлігін құрайды (атамыш қызыметкердің жогарыда атапған ақпаратында «қазақ қімді коллекциясы 400-ге жуық экспонаттан тұрады» деген жолдар бар. Алайда, экспонат деп, әдетте, музейдің экспозициясына арнайы өндөу мен жөндеуден әткен құндылықтарды ғана атап қылыштастырылған болғыл. Ал, музей қорындағы бүкіл құндылықтарды, бұл ретте күллі қазақ қімдірі мен олардың қосалық элементтерінің экспозицияға тегіс қойылуы РЭМ тарихында мұмудден орын алған және әste мүмкін емес жайт. Демек, Л.Ф.Попова осы ретте терминологияның қателік жіберін отыр. Яғни, автор қордағы қазақ қімдірінін түрлерін де (ағындында, булар музейлік мәнді бұйымдар деп атапады), олардың экспозицияға немесе уақытша көрмеге қоюлығандарын да экспонат деп атап салғанға үқсайды). Л.Ф.Попованың тағы бір соңғы мәліметінде көрсетілген РЭМ қорындағы қазақ қімдірінін саны жогары қорсеткіштерден әлдекайда аз – небеरі 300ға [51, 1].

Бұл мәліметтердің қайсысының шындыққа сай келептіндігін дәп басып айту өзірге мүмкін емес. Олай болса, РЭМ қорындағы қазақ қімдін инвентаризациялау, атрибуциялау, паспортуа жөне ғылыми каталогтау жұмысы елі де болса тиянақтау, пысықтау һәм дайеүтеді қажет етеді.

Жогарыда айтылғандай, РЭМ қорындағы қазақ коллекцияларының ішіндегі сан жағынан ең молы – үй-жайдасты, әсіресе, киіз үй мен оның жасауының сан түрлі элементтері. Л.Ф.Попованың материалдана қарағанда, дәл қазіргі уақытқа дейін реңи калмералық өндөу мен атрибуциялау, һәм паспортуаудан әткен артефактилердің ұзын саны 516 сақтам бірлігін құрайды екен [49]. Сөз жоқ, этнографиялық артефактилердің осы категориясы қазақтың ежелгі тұрмысын, әсіресе, тіршіліккамы мәдениетін, осы арқылы қөшпелі ортадағы әлеуметтік-экономикалық қеңістіктің ұйымдастырудың дастурлі технологиясы мен стратегиясын зерделеуге үлкен мүмкіндік береді. Бірақ осы коллекцияның сандық және материалдық құрамына зер салған зерттеушиге ондағы артефактилердің дәні киіз үйдін «көмекші» функция атқарытын элементтеріне жататындығын аңғару қыны емес (мысалы, көлтеген үзіктер, желбаулар, термебаулар, шетбаулар, иңқаулар, шалмабаулар, баражандар, беларжандар (немесе белдеу арқандар) деген сияқты).

Дегенмен, басым көпшілігі Қазақстанның Батыс, Орталық, Солтүстік және Шығыс өнімдерінен РЭМ қорына келіп түскен киіз үйлер Қазақстан музейлеріндегі осы құралыптас киіз үйлерден әлдекайда көне – олардың дәні XIX ғасырдың аяқ шенінде жасалған (ал отандық музейлердегі киіз үйлер ары кеткендеге XX ғасырдың 50-60-жылдары ғана жасалынған). РЭМ қорындағы сөз болып отырган киіз үйлер мен оның жиіліздарының музейлік тұрғыдан да, ғылыми-танымдық жағынан да құндылығы осында.

Сонымен, қазақтың тарихи этнографиясының ең көне, әрі сән-салтатын көлікен және сақталуы Қазақстандық музейлердегі артефактилерден әлдекайда жогары (йткін, Ресей музейлерінде құндылықтарды сақтауға барлық жағдай жасалған), сондай-ақ, сапа мен түрі жағынан да мол құндылықтар атамыш музей қорындаға ғана кездесетін айту керек. Тіпті, жогарыда айтылғандай, Орталық музей қызыметкерлері дәндең зерттеуен әйілі Кунсткамера қорындағы қазақ коллекциялары да өзінің атамыш параметрлері жағынан РЭМ қорындағы қарастырлып отырган коллекциялармен еш тенденсе алмайыды. Қазақтың төл мәдениеті мен ғылыми үшін танымдық тағылымы, сез жоқ, өлшеусіз осы құндылықтардың ішінде әлемдегі еш музейлерде кездесептін бірегейлері барлылық. Осы ретте, қазақ қімдірі коллекцияларының, соның ішінде, ер адамдар мен әйелдердің салттанаттың қімдірін ерекше екеш атауга болады. Солардың ішінде еңірі мен етегі жібек жілпен кестеленген ер адамның күдері шапаны, сен-салттанаты, һәм эстетикасы мен сақталу күй әбден көлікен сауқелепер (барлығы 8 дана және 16 бөлік) [50, 13; 51, 136-140], сондай-ақ қазақ сұлтандарды тутынған бас қиммін гажайып нұсқалары (мысалы, мұрақтың ішінде күйлөтін алтын жілпен оқаланған шошак берілтердің) жеке коллекцияларының төл еркемністік ен үздін үлгілөрінің қатарына жатады десек, асырып айтпаймыз. Әсіресе, қыргауылдың қауырсыны туслеген кеуде тузы терілерінен тегі астарланған қазақ әйелінің жібек шапанының сен-салттанаты ғажайып эстетикасы өз алдына, оның дәп осындайды материалдың пайдаланып, асқан шеберлікten тігілуі кімді дө болса, қайран қалдырыры хақ (№ 3146 коллекция) [49]. Бірақ, қазақ қімдірінің осынаға гажайып бірегей үлгісінің дастурлі қөшпелі ортада қандай функция орындағанын оған дәндең зерттеу жүргізбейнше әзірлең дәп басып айту қыны (әлде, иесінің жогары әлеуметтік-институционалдық мәртебесін, әлде, генеалогиялық қадір-қасиетін ай-ғақтайтын символ болды ма, әлде, бізге беймейлім ғұрыптық функция атқарды ма?).

Қазақ коллекцияларының қалыптасу тарихынан. Л.Ф.Попованың материалдарына қарағанда, жогарыда айтылған барлығы 2725 бұйымнан тұратын 1700 сақтам бірлігінің 1193 нөмірлерінен белгілінген 1840 бұйымы РЭМ-нің өзіндік қазақ коллекцияларын құрайды. Ал, 614 нөміре белгілінген қалған 885 бұйым Мәскеудегі бұрынғы СССР халықтарының музейнен 1948 жылы келіп түсти [49].

Орыс зерттеушілері РЭМ қорындағы қазақ коллекцияларының қалыптасу тарихын тәмемдегідей үш кезеңге бөледі:

I кезең – 1860 – 1870 ж.

II кезең – 1900 – 1920 ж.

III кезең – 1920 – 1980 ж.

Осы ретте ескерер гөп – көрсетілген бірінші кезең мен екінші кезеңнің, яғни 1870 ж. мен 1900 ж. арасындағы «елара» уақытты есепке алмаудың езіндік себеп-салдарын зерттеушілер түсіндіре бермейді. Бірақ, қазақ коллекцияларының музей қорына тусу үдерісінің хронологиясына зер салсақ, атамышы гөлтін мән-жайын бажайлауга болады: осы «елара» жылдары бізге өзірге беймейлім әлдекандай себептерге байланысты музей қорына қазақы ортадан түскен артефактилердің мәлшері тым маддимсыз болды.

РЭМ тарихын, соның ішінде қазақ коллекцияларының қалыптасу үдерісін шолу деңгейінде болса да, қарастырганға ғалымдар XIX ғасырдың II жартысы

XX ғасырдың басында қазақ жерінің ер өнірінен тарих және этнографиялық артефактлерді жинастыру ісінде Түркістан генерал-губернаторы К.П.Кауфман, Орынбор генерал-губернаторы Н.А.Крыжановский, Торғай облысының әскери губернаторы Л.Ф.Баллюзек сынды Ресей билігінің жоғарылаузымын шеңеуіктірінің айырыша рөлін атап етеді. Бул раста. Олар (және атамыш қазақ елкесін толық оттарлау кезеңінде қаптаған басқа да орыс шенеуніктірі мен миссионерлері, һем зерттеушілері де) «бүртана қазақ жұрттың орыстың өктем саясатының ығында үстпен ушын, оның мәдениетінде, тарихын һем психологиясын жақын білімек көрек» деген тактиканың үнемі үстанса да, отандық тарихнама-ның (осы сөздің көн мағынасында) деректік, һем алғашқы үйімдік негізін қалыптастыруға қомақты үлес қости. Осы айтылғандық қарастырып отырған тақырыптың қысынмен байланыстырап болсақ, РЭМ қорындағы коллекциялар құрамын жағорыда атаплан Л.Ф.Баллюзек пен Н.А.Крыжановскийдің қазақ этнографиясын ер қырынан таныттар сан алуан артефактлер жинақтау ісінде үлкен үйімдестірушылық жұмыс жүргізгендің айқатайды.

Л.Ф.Поповының дәлдіктік пікірінше, атамыш генерал-губернаторлардың арнасы талсырлармен, көбінесе, батыс өнірлері қазақтарының арасынан жиналған 36 һөмірмен белгілінген 43 бүйімнің, сонын ішінде, есіреле, Л.Ф.Баллюзектің тікелей үйімдестірушым Орынбор губернаторы қазақтарынан алынған күй-кешектік бес данадан тұратын толық «кансамблдер» қазақтың дәстүрлі күй мәдениетінің шыны меніндегі теңдесі жоқ озық үлгілерінің қатарына жатады.

Қазақ коллекцияларының қорын жасақтауда Шоқан Уәлихановтың әкесі, Л.Ф.Попова еділ атап еткендегі, алғашқы қазақ этнографы, һем орыс армиясының полковнігі сұлтан Шыңғыс Уәлихановың пен сұлтан Арынғазас Ханкожың өзіндік үлкен улестерін қости [49]. 25 һөмірге жіктелген 28 бүйімнан тұратын бұл коллекцияның Шыңғыс Уәлихановтың атымен атапу қазақтың осынау озық ойлар біртұар оғланына және оның қазақуар азаматтығы мен біліктілігіне деген орыс зияялышының ерекше құрметтінің айғабы ретінде бағамдауға болады [49].

РЭМ қорындағы қазақ коллекцияларының толығында олардың қатарының үлғаюы, елбетте, Орталық Азия халықтарының, сонын ішінде, қазақ мәдениетінің білігін һем зерттеушісі С.М.Дудинің есімімен тызыз байланысты (барлығы 96 бүйімдегі 95 һөмір берілген коллекция). Л.Ф.Поповының мәліметі бойынша, бұл коллекцияда кіз үйдік элементтері, күй-кешек, ер түрлі ашекей бүйімдердің ғылыми паспортын С.М.Дудин езі асқан жітілікпен тәтіштеп жасақтаган [49]. Бул атамыш бүйімдердің таңымдық маңызын зерттеп-зerdeлеуге үлкен мүмкіндік береді.

Сонымен бірге, С.М.Дудин ез заманының ете шебер ері білікті фотосуретшісі ретінде қазақтың дәстүрлі тіршілігін ер қырынан сипаттайдын фотосуреттердің мол коллекциясын қалдырылған. РЭМ қорынан басқа, бұл фотосуреттердің үлкен шоғыры Күншткамера қорында жеке коллекция ретінде сактаулы.

Сондай-ак, қазақ коллекцияларының қорлану үрдісінен совет дауырінде Ф.А.Фильтерструп, А.Н.Глухов, А.П.Булгаков, Е.Т.Воеводская, О.А.Корбе, А.С.Морозова, С.М.Лейкина және т.б., ал XX ғ. 70-жылдары А.В.Коновалов сынды Оңтүстік Алтай (Қосағаш) қазақтарының этнографиясын дәндел зерттеген

ғалымдар өлшеуесіз үлес қости. Осы ретте, жоғарыда атаплан, Орта Азия және Қазақстан халықтары этнографиясы белімінің байыргы аса тәжірибелі қызыметкері Л.Ф.Поповының музей қорындағы қазақ коллекцияларын сактауға, ері дәрілтеуге, ері олардың қатарын үлгітпа тусуғе үлкен еңбек сініріп отырығаны да ерекше екшеге айту ләзім [50; 51, 136-140].

**Қысқаша түйін.** Атамыш музей қорындағы қазақ коллекцияларының Орталық музей қолға алған ғылыми каталогы жасақтаудың, әлбетте, ғылыми-практикалық жағынан да, ғылыми-танымдық тұрғыдан да манызын ерекше екендігін сөзсіз. Әйткені, музейлік құндылықтардың ғылыми каталогы бір жағынан, осы құндылықтардың «жан-жақта» дәрілтеудің, ері зерттеу жұмысының айырықша көрнекілігімен һем дәйектілігімен ерекшеленетін формасы болып табылады. Ғылыми каталог, сонымен бірге, жоғары жөнде арнауда білім беретін оқу орындарды студенттері, магистранттары, ғылыми қызыметкерлері, оқушылардың үшін де таңымдық тағылымы мол көрнекі оқу құралы функциясын атқарады.

Сондай-ак, халықаралық музей ісі тәжірибесі айғандағандағандай, музейдегі ғылыми жұмыстың осы жаңы музей ресурсын басқарудың да аса тымді формасы да (тасіл).

Дегенмен, музейлік құндылық атапулының (сонын ішінде, қарастырылған отырған РЭМ қорындағы қазақ коллекциялары да) зерттеп-зerdeлеудегі тек дәстүрлі этнографиялық сипаттаумен ғана есте шектеуге болмайды. Өнегелі озық елдердегі (Европа, АҚШ, Канада және Жапония) алеуметтік және мәдени антропологияның бай ғылыми-танымдық тәжірибесі, есіреле, дәстүрлі этномедени ортадағы қазір музейлік құндылықтарға айналған шаруашылық-мәдени тіршілікten кез келген мәнді элементтерін елеуметтік қатынастың инструменталды компоненттері ретінде қарастырудың ғылыми болашағының өлшеуесіз екендігін айғаптап отыр. Әйткені, расында да, кез келген елеуметтік-экономикалық және институционалдық мәнді артефактлер қоғамдық харекеттің объектілері, құралдары ері «арнапары» ретінде сан алуан функция атқарады. Осы қысынға орай төмөндегі мәнді үстаннымыда еске сала кеткен ләзім: «қоғамдық харекет» категориясы «қоғамдық (немесе елеуметтік) қатынастың» функционалдық күйін, ал «қоғамдық қатынас» категориясы өз кезеңінде қоғамдық харекеттің құрылымын білдіреді.

## РЕЗЮМЕ

Нурсан АЛИМБАЙ. Коллекция по исторической этнографии казахов в фондах Российского этнографического музея (г. Санкт-Петербург).

В статье анализируется состав музеиного собрания знаменитого Российского этнографического музея (г. Санкт-Петербург) по традиционной культуре, хозяйственной деятельности и быту казахов. Ее главный лейтмотив заключается в обосновании необходимости активного использования в научно-исследовательской практике этнографических артефактов (в том числе, разумеется, отмеченной коллекции) в качестве особой категории исторических источников. Как известно, они традиционно характеризуются наибольшей наглядностью, что сообщает данной категории исторических источников исключительную презентативность.

Один из смыслообразующих аспектов статьи

– изучение истории формирования казахской коллекции. Однако в силу ограниченного объема статьи, данный вопрос рассматривается лишь в той мере, в какой это необходимо для реализации ее основной цели – в первую очередь, ознакомить широкого круга читателей с составом казахской коллекции, выделяя при этом наиболее эксклюзивные историко-этнографические артефакты.

**Ключевые слова:** музей, музейный фонд, коллекция, артефакт.

## ABSTRACT

Nursan ALIMBAY. Collection on historical ethnography of Kazakh people in the funds of Russian ethnographical museum (Saint Petersburg).

In the article content of museum collection of the well-known Russian ethnography museum (Saint-Petersburg) on traditional culture, economy and life of Kazakh people were analyzed. The main idea of the article is based on necessity of active usage in research practice of ethnographic artifacts (including, mentioned collection) as main category of historical sources. As known, they traditionally characterized by visibility, that impact to category of historical sources exceptional representativeness.

The main aspect of article is study of formation of the Kazakh collection. Hence by limited volume of article, this issuer considers implementation of its main aim – first of all, to acquaint wide range of readers with the Kazakh collection. Outlining exclusive historical and ethnographic artifacts as well.

**Key words:** museum, museum fund, collection, artifact.

## ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ДЕРЕК

1.Хлудов Н.Г. Каталог произведений: живопись и графика. Автор вступительной статьи Нурсан Алимбай. Алматы: Эффект, 2003. – 288 с. (на каз., русс., анг. языках).

2.Нумизматическое наследие Казахстана. Каталог. Научный руководитель проекта Нурсан Алимбай. Алматы: ТОО Intercinema – TV Service, 2008. – 87 с. (на каз., русс., анг. языках).

3.Традиционная одежда казахов. Научный каталог. Научный руководитель проекта и автор вступительной статьи Нурсан Алимбай. Алматы: Өнер, 2009. – 344 с. (на каз., русс., анг. языках).

4.Редкие рукописи и издания в фондах Центрального Государственного музея Республики Казахстан. Научный каталог. Научный руководитель и автор предисловия Нурсан Алимбай (соавтор Н.Базылхан). Алматы: Өнер, 2011. – 328 с. (на каз., русс., анг. языках).

5.Культура саков и усуней в археологических коллекциях Центрального Государственного музея Республики Казахстан. Научный каталог. Руководитель проекта и автор предисловия Нурсан Алимбай (соавтор М.Сатыбалдиева). Научный редактор Алишер Акишев. Алматы: Өнер, 2011. – 328 с. (на каз., русс., анг. языках).

6.Казахские ковры и ковровые изделия из коллекций Центрального Государственного музея Республики Казахстан. Научный каталог. Научный руководитель и автор вступительной статьи Нурсан Алимай. Алматы: ICOS, 2012. – 387 с. (на каз., русс., анг. языках).

7.Восточные монеты из фондов Центрального Государственного музея Республики Казахстан: Алматинский клад чагатайских монет. Иллюстрированный научный каталог. Т.1. Книга 1. Авторы вступительной статьи Нурсан Алимбай, Павел Петров. Научный редактор Аширбек Муминов. Алматы: Өнер, 2013. – 320 с. (на каз., русс., анг. языках).

8.Восточные монеты из фондов Центрального Государственного музея Республики Казахстан: Алматинский клад чагатайских монет. Иллюстрированный научный каталог. Т.1. Книга 2. Авторы вступительной статьи Нурсан Алимбай, Павел Петров. Научный редактор Аширбек Муминов. Алматы: Азия-Арна, 2014. – 320 с. (на каз., русс., анг. языках).

9.Радлов В.В. Инструкции для собирания этнографических предметов, относящихся до быта киргизов Степного генерал-губернаторства. СПб., 1898.

10.Дудин С.М. Резьба по дереву у киргиз. // Зодчий. 1901. – С. 8-23.

11.Дудин С.М. Коровьи изделия Средней Азии // Сборник музея антропологии и этнографии. Т.VII. 1928. – С. 71-166.

12.Курылев В.П., Люшевич Ф.Д., Сазонова М.В. Этнографические собрания МАЭ по народам Средней Азии и Казахстана // Сборник музея антропологии и этнографии им. Петра Великого (Кунсткамера). 1980. Т. XXV. – С. 37-44.

13.Фелькерзам А. Старинные ковры Средней Азии // Старые годы. 1914. – С. 79-84.

14.Щенников К.В. Меры протяжения у киргизов Акмолинской области // Сборник Музея антропологии и этнографии. 1916. Т.III.– С. 98.

15.Куфтин Б.А. Киргиз-казаки. Культура и быт. Применительно к обстановочному залу «уголок кочевого аула в Казахстане» в Центральном музее народоведения. М.: Центральный музей народоведения, 1926. – 49 с.

16.Букейхан А.Н. Казахи Адаевского уезда // Казаки. Антропологические очерки. Издание особого Комитета Академии наук по исследованию союзных и автономных республик. Л.: АН СССР, 1927. – С. 59-83.

17.Задыхина К.Д. Отчет о научной работе в Казахстане // Советская этнография. 1935. №1. – С.106.

18.Потапов Л.И. Особенности материальной культуры казахов, обусловленные кочевым образом жизни // Сборник музея антропологии и этнографии им. Петра Великого (Кунсткамера). 1949.Т.XII. – С.45-62.

19.Бежкович А.С. Этнографические рисунки В.Л.Плотникова по быту казахов (1859-1862 гг.) // Советская этнография. 1953. №4. – С.113-119 с илл.

20.Маслова О.В. Обзор русских путешествий и экспедиций в Среднюю Азию. Ч.1.1715-1856. Ташкент, 1955.

21.Маслова О.В. Обзор русских путешествий и экспедиций в Среднюю Азию. Ч.2.1856-1869. Ташкент, 1956.

22.Маслова О.В. Обзор русских путешествий и экспедиций в Среднюю Азию. Ч.3.1869-1880. Ташкент, 1958.

23.Маслова О.В. Обзор русских путешествий и экспедиций в Среднюю Азию. Ч.4.1881-1886. Ташкент, 1971.

24.Сазонова М.В., Морозова А.С., Лейкина С.М. Одежда народов Средней Азии и Казахстана в коллекциях Государственного музея этнографии народов СССР // Труды института этнографии. 1961. Т.48. – С.86-93.

25.Захарова И.В., Ходжаева Р.Д. Казахская национальная одежда. XIX – нач. XX в. Алма-Ата: Наука, 1964. – 178 с.

26.Курылев В.П. Оружие казахов // Сборник музея антропологии и этнографии им. Петра Великого (Кунсткамера). 1978. Т.XXXIV. – С.56-61.

27.Курылев В.П. Казахские кожаные мужские пояса в коллекциях МАЭ // Сборник музея антропологии и этнографии им. Петра Великого. 1980. Т.III. – С.85-97.

28.Муханов М.С. Казахские домашние художественные ремесла. Алма-Ата: Казахстан, 1979. – 120 с.

29.Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в 5-ти томах. Алма-Ата: Казахская советская энциклопедия, 1984-1985.

30.Мартулан А.Х. Казахское народное прикладное искусство. Том 1-3. Алма-Ата: Өнер, 1986-1990.

31. Коновалов А.В. Казахи южного Алтая. Алма-Ата: Наука, 1986.
32. Кармышева Б.Х. Этнографическое изучение киргизов Средней Азии и Казахстана в 1920-е годы (полевые исследования Ф.А.Фиелструпа) // Очерки истории русской этнографии, фольклористики и антропологии. Вып. Х. М.: Наука, 1988. – С. 38-62.
33. Вишневецкая (Прищепова) В.А. Из истории собирания Среднеазиатско-казахстанских коллекций МАЭ (дооктябрьский период) // Сборник музея антропологии и этнографии им. Петра Великого (Кунсткамера). 1989. Т.XLIII. – С.5-17.
34. Прищепова В.А., Черманова М.Б. Из коллекций по этнографии казахов // Известия Национальной Академии Наук Республики Казахстан. 1993. Серия общ. наук. №5 (191). С.69-76.
35. Прищепова В.А. Страницы истории Государственного музейного фонда // Кунсткамера. Этнографические тетради. 1995. Вып.7.– С.217-329.
36. Прищепова В.А. О пребывании цесаревича Николая Александровича в степном генерал-губернаторстве // Труды Государственного музея истории Санкт-Петербурга. Вып. III. СПб., 1998. – С.109-114.
37. Прищепова В.А. Коллекции заговорили. История формирования коллекций МАЭ по Средней Азии и Казахстану (1870-1940). СПб; 2000. – 271 с.
38. Бронников О.М., Вишневецкая (Прищепова) В.А. Каталог коллекций отдела Средней Азии и Казахстана МАЭ // Сборник музея антропологии и этнографии им. Петра Великого (Кунсткамера). 1989. Т. XLIII. – С.180-222.
39. Традиционная одежда народов Средней Азии и Казахстана. Ответственные редакторы Н.П.Лобачева и М.В.Сазонова. М.: Наука, 1989. – 255 с.
40. Одежда народов СССР: из коллекций Государственного музея этнографии народов СССР. М., 1990 (на русс. и англ. языках).
41. Казахи. Историко-этнографическое исследование. Алматы: Казахстан, 1995. – 352 с.
42. Культура казахов в коллекциях Омского государственного историко-краеведческого музея. Ответственный редактор И.В.Захарова. Томск: Томский университет, 1995. – 190 с.
43. Жәнібеков Ф. Қазақ кімі. Алматы: Әнер, 1996. – 192 б.
44. Российский этнографический музей. 1902 – 2002. СПб., 2001. – 279 с.
45. Большой атлас истории и культуры Казахстана. Руководитель проекта А.Ш.Бимендиев. Алматы: Абди, 2008. – 880 с.
46. Какабаев Б.С. К семантике использования птичьих шкурок в одделке казахского костюма // Труды Центрального музея. Вып. II. Научный редактор Нұрсан Алимбай. Алматы: Балалар әдебиеті, 2009. С. 457-463.
47. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауарының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 1-5 тт. Ұйымдастырылған жетекші жөнне редакторы Нұрсан Әлімбай. Алматы: 2011.2014. – 3784 б.
48. Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 годов. Сборник исторических документов в двух томах. Том I. Письма казахских правителей. 1675-1780 гг. Ответственный-редактор И.В.Ерофеева. (696 с.+вкл. 44 с.) Том II. Письма казахских правителей. 1738-1821 гг. Ответственный-редактор И.В.Ерофеева. Алматы: Абди, 2014. – 1032 с. + вкл. 12 с.
49. Л.Ф.Пополовын жеке мұрагаты.
50. Попова Л.Ф., Стасевич И.В. Казахский костюм в сокращении Российского этнографического музея и Музея антропологии и этнографии им. Петра Великого (Кунсткамера) Российской академии наук (рукопись). 18 с.
51. Попова Л.Ф. Казахские женские свадебные головные уборы «сакеле»: опыт локальной классификации (по материалам РЭМ) // Музей. Традиции. Этничность XX-XXI в. – СПб. – Кишинев, Nestor-Historia, 2002. – С. 136-140.
52. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінің ғылыми-колданбалы жобалары бойынша 2013-2014 жылдардың атқарған жұмысының есебі.
53. Nomads of Eurasia. Natural History museums of Los Angeles county. Academy of Sciences of the U.S.S.R. Los Angeles: Perpetua Press, 1989. 192 р.
54. Teppiche aus Mittelaisen und Kasachstan/Ein Leitung und Zusammenstellung von E.G.Tsareva. Leningrad, 1984.
55. Jewelry. Museum of the Ethnography of the USSR / Intr. E.Torchinskaya. Comp.: G.Komleva. Leningrad, 1988.
56. Nomads in Central Asia: Animal Husbandry and Culture in Transition (19 th – 20 th Century) / Accompanies the exhibition "Nomaden in Centraal-Azie" on show in the Tropenmuseum in Amsterdam from 1 Dec. 1994 to 1 Aug. 1995; Auth.: F.C. van Leeuwen, T.G.Emeljanenko, L.F.Popova. Amsterdam, 1994.

## «НУР ОТАН» ПАРТИЯСЫ ӘУЕЗОВ АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛЫНДА

### ОТБАСЫ МӘСЕЛЕЛЕРИ ҚАРАЛДЫ

«Нур Отан» партиясы Әуезов аудандық филиалының қоғамдық қыбылдау белгімінде азаматтардың дәстүрлі қыбылдау етті. Партияның «Бақыттың отбасы – бақытты балалық шақ» жобасы аясында еткен қыбылдауға Әуезов аудандық филиалы терагасының бірінші орынбасары **Мұрат Омаров**, Алматы қалалық мәслихатының депутаты **Ханзада Есенова** жөне Алматы облысы адвокаттар алқасының адвокаты **Ғалым Үнірханов** қатысты.

Қыбылдау кезінде Құрт Сағатулы: «Балалардың жөнне отбасының құқықтарын қамтамасыз ету ерекше назар аударуды талап етеді жөнне «Нұр Отан» партиясы атаплан мәселеғеге ете мүжікті қарайды. Қоғамдық қыбылдау есебінен көз жүзіртсөніз, көптеген отбасыларға нақты көмек көрсеткен жағдайларға күә боласыз», – деп атап етті.

Қабылдауға жүгінген біраз адам көпбалалы отбасы мәртебесін беруді етінсе, тағы біразы өздерін кеп балалы отбасы ретінде әлеуметтік қолдауды, балаларды мектепте дейінгі балалар мекемелері мен мектептерге орналастыруды, тұрғылықты жері бойынша тіркеуді сұрайды. Ал келесілерін баспаңа кезегіне есепке алу жөнне баспаңа белінүү мәселелері толғандырады. Сондай-ақ қайырымдылық іс-шараларды жоспарлау туралы да сұрақтар қойылды.

«Көптеген кепін түсінен етініштер бойынша тиісті орындарда біз депутаттық сұраныстар да-бынайымыз. Бізбін тарағымыздан ұсынылған мәселелер төзірек шешіледі деп үміттененеміз», – деді Х.Есенова. Өтініш белдіртген барлық адамдар F.Нұрхановстың заңгерлік кеңес алды.

Оз тілшімзіден.